

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитетінің мәжілісінің
№1 хаттамасы

Түркістан қаласы
сағат 16:00
Қатысқандар:15

19 қыркүйек 2022 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау;
2. 2022-2023 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарды бекіту;
3. Университеттің сапа саясаты жобасы туралы;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы, Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ереже жобасы туралы;
5. 2022-2023 оқу жылына оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарларының жаңа нұсқасы туралы;
6. Әр түрлі мәселелер:
 - 6.1 Ішкі аудит бағдарламасы туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы университеттің Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2022-2023 оқу жылына арналған, комитет атқаратын жұмыстардың маңыздылығына тоқталып комитет мүшелерінің құрамы (қосымша тіркелді), жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды.

Мәжіліске қатысушы комитет мүшелері, комитетте қаралатын мәселелер жөнінде қолдайтындарын білдірді. Дауыс беру нәтижесінде, ұсынылған комитет мүшелерін құрамын сайлау және комитеттің 2022-2023 оқу жылы бойынша жұмыс жоспарының жобасын бекіту жөнінде шешім қабылданды.

Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2022-2023 оқу жылына арналған мәжілістер ЖОСПАРЫ

№	Қарастырылатын мәселелер	Жауапты тұлғалар
1-мәжіліс 2022 жыл, қыркүйек – қазан		
1.	Комитет мүшелерін сайлау, комитеттің жылдық жоспарын қабылдау	Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, комитет мүшелері
2.	2022-2023 оқу жылына сапа бойынша мақсаттарын бекіту туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

3.	Университеттің сапа саясатының жоспарын қарау	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
4.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы, Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ереже жобасы туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
5.	ОПҚ және ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер және ҒЗИ-ның индикативті жоспарларының жаңа нұсқалары туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
6.	Әртүрлі мәселелер	
2-мәжіліс 2023 жыл, қаңтар-ақпан		
1.	Әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б.) қатысу туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы
2.	Отандық рейтингтік агенттіктерінде (АРТА, БСҚА) институционалды және бағдарламалық рейтингіне қатысуды ұйымдастыру туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
3.	Университет құрылымдарында 2022-2023 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
4.	Сыртқы аудит нәтижелері туралы	Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
5.	Әртүрлі мәселелер	
3- мәжіліс 2023 жыл, маусым		
1.	Даму Стратегиясының оқу жылы бойынша орындалуы туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
2.	Ішкі рейтинг нәтижелері туралы	Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы
3.	Әртүрлі мәселелер	

Шешім: Стратегиялық даму және сапа комитетінің 2022-2023 оқу жылы бойынша мәжілістер жоспары ұсынылған жобада қабылдансын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев, 2022-2023 оқу жылына арналған университеттің сапа бойынша мақсаттары және мақсаттарды жүзеге асыру жоспарының жобасымен таныстырып өтті. Ұсынылып отырған университеттің сапа бойынша мақсаттарының жобасы алдын ала танысу үшін таратылғанын ескертіп, университеттің Стратегиялық даму жоспарына сәйкестілігін, мақсаттарды орындау бойынша міндеттер мен көрсеткіштердің әрқайсысының маңыздылығы жөнінде жеке-жеке тоқталды. Комитет мүшелері ұсынылып отырған сапа бойынша мақсаттары мен жүзеге асыру жоспарының жобасын бір ауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

№	Мақсаттарды орындау бойынша міндеттер	Мақсаттардың орындалу көрсеткіштері
1.	Корпоративтік басқару мен бәсекеге қабілеттілікті тиімді жетілдіру.	- Стейкхолдерлермен бірлесіп консультативтік және сарапшылық кеңестер өткізу – 2 рет.
2.	Университеттің кадрлық әлеуетін күшейту.	- ОПҚ-ның ғылыми дәрежелігін арттыру - 47 %; - Түркиядан шақырылған оқытушыларының үлесі – 6 %.
3.	Білім беру үдерісінің сапасын арттыру.	- Қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны – 4; - Әрбір оқу жылында білім беру бағдарламаларының пәндерін міндетті түрде түрік тілінде оқытуды қамтамасыз ету - 15%; - «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіндегі университеттің білім беру бағдарламаларының позицияларын жақсарту +2.
4.	Болон процесінің қағидаттарын іске асыру.	- Бакалавриат контингентінен ішкі/сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқитын студенттер үлесі-2 %; - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы (контингенттің өсуін ескере отырып) – 3; -ОПҚ сыртқы+ / ішкі академиялық ұтқырлығы – 2 %; - Университетте тұрақты білім алатын шетелдік студенттер үлесі – 15 %.
5.	Оқуда инновацияны дамыту.	- Түрік жоғары оқу орындарының үздік оқулықтары мен оқу құралдарын қазақ тіліне аударуды ұйымдастыру – 10; - Оқулықтар мен оқу құралдарды дайындау – 110.
6.	Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту.	- Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдарының санын 162-ге жеткізу; - Отандық басылымдарда және жақын және алыс шетел басылымдарында монографиялардың жариялануы – 32; - ҚР БҒМ және басқа мекемелердің гранттық жобалары – 17.
7.	Жастар саясаты және студенттердің бастамаларын дамыту.	- Әлеуметтік қорғалмаған және дарынды, белсенді жастарды қолдауға бағытталған қаржыландыру үлесі –3 %; - Студенттерді, мүгедек студенттерді, жетім студенттерді, отбасылық студенттерді әлеуметтік қолдау жобалары – 5; - Спорт, өнер саласындағы жүлдегерлер саны: халықаралық деңгейде – 30, республикалық деңгейде –150.
8.	Университет кампусын ұлғайту және инфрақұрылымды дамыту.	- 1500 орындық жатақхана құрылысы – 1; - Жөндеуден өткен ғимараттар мен құрылыстардың саны – 3; - Университет аумағын абаттандыру және көгалдандыру – 20 %; - Жатақханамен қамтамасыз етілген студенттердің үлесі - 60 %.
9.	Материалдық техникалық және оқу-зертханалық базаны жетілдіру және цифрлық трансформация	- Материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаны жаңарту –20 %; - Кітапхана қорларын жылдық жаңарту үлесі – 1 %; - Компьютерлік және ұйымдастыру техникасын жылдық жаңарту үлесі – 40 %.

Шешім: Университеттің 2022-2023 оқу жылына арналған Сапа бойынша мақсаттары және жүзеге асыру жоспары бекітілсін.

3. Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж. Дарибаев университеттің сапа бойынша саясатын (қосымша тіркелді) актуализациялаудың қажеттілігі жөнінде хабарлап, комитет мүшелеріне саясаттың жаңа жобасын талқылауға ұсынды. Комитет мүшелері бірқатар пікір алмасулардан соң Сапа бойынша саясатының жаңа жобасын толық қолдайтындықтарын білдіріп, Сенат мәжілісінде жолдауды ұсынды.

Шешім: Университеттің сапа бойынша Саясатының жобасы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

4. Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасымен (қосымша тіркелді) таныстырып шықты, онда қарастырылатын мәселелерге жеке-жеке тоқтап, мақсаты мен міндеттерін, қандай жағдайда сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар болуы және жауапкершілікке тарту іс-шаралар, оны жүзеге асыратын өкілеттілер жөнінде егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті. Мұнда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатердің алдын-алу және құқық бұзушылықты азайту шараларын жүргізу екендігі, осы мақсатқа қол жеткізу үшін заңнама қағидаларының сақталуын қадағалап орындау қажеттілігі айтылды. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатына белсенділік сипатын беруге бағытталған ауқымды ағарту шараларын ұйымдастыру және өткізу арқылы білімгерлерге, ОПК мен қызметкерлерге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және дамыту, сыбайлас жемқорлықтың қандай да болмасын қабылдамайтын, жоғарғы оқу орны екендігі айтылды. Сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар қызметкерлерді анықтау, жемқорлыққа тыйым салу мақсатында қатаң жауапкершілікке тарту, қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысқан жағдайда, тиісті тәртіппен жаза қолданылатыны жөнінде ескертіп өтті.

Университетіміздің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 5.2 Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың түрлері атты тармақшадағы құқық бұзушылықтарды жасауы жөніндегі ақпарат, яғни, бағыныштылықтан тыс басқа құрылымдардың қызметіне заңсыз араласу, университет қызметкерлерінің материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде лауазымды тұлғалардың өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану, қызметке тұратын және қызметін жоғарылататын қызметкерге заңда көзделмеген артықшылықтар беру және сол сияқты игіліктерді өз мүддесіне пайдалану жолдары көрініс тапса және онда қылмыстық жазаланатын әрекеттің белгілері болса, комплаенс бақылау

қызметінің ұсынысымен, университет ректоры мемлекеттік құқықтық органдарға жолдауға міндетті екендігі айтылды.

Орталық басшысы Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ережені (қосымша тіркелді) таныстыра отырып, мүдделер қақтығысының алдын алу, қақтығыстар болған жағдайда оны реттеу жолдары қарастырылды. Ережеде мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін жағдайлар ретінде: лауазымды тұлғаға немесе қызметкерге жақын туыстары, жұбайы, сондай-ақ туыстары тікелей бағынатын лауазымдарды атқарса, ХҚТУ-мен байланысты мәмілелер, жобаларға коммерциялық немесе өзге де (тікелей немесе жанама) мүддесі бар немесе болуы мүмкін кезде, университетке қатысты құпия ақпаратты жеке пайда үшін пайдалануы, лауазымды адам немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысатын кезде. ХҚТУ мүшесі университеттегі лауазымды тұлғаның немесе қызметкерлердің мүдделер қақтығысына бар екендігіне күмәнданатын болса, ол комплаенс қызметімен кеңесіп, мәселені шешу үшін тікелей жоғары басшылыққа қажетті жан-жақты ақпаратты беруі тиіс екендігі жөнінде айтылды.

Комитет мүшелері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы мен Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ережесінде қамтылған мәселелерге оң пікір білдіріп, Сенат мәжілісіне жолдауды ұсынды.

Шешім: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жобасы және Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер мүдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі ереже Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

5. 2022-2023 оқу жылына оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары (қосымша тіркелді) көрсеткіштері туралы Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Даригаев индикативті жоспарлау көрсеткіштері Стратегиялық даму жоспарының мақсаттарын орындауға бағытталған индикаторларға негізделгенін атап өтті. Орталық басшысы оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспарлары үлгісі құрылымдарға және комитет мүшелеріне алдын ала жіберілгенін, сала бойынша департамент директорларымен бірнеше рет талқыланғанын айта отырып, ұсыныстары мен пікірлерін білдіруді сұрады. Сонымен бірге, факультеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының индикативті жоспар көрсеткіштер негізінде университеттің индикативті жоспары дайындалғаны жөнінде айтып, жоспар жобасын таныстырып өтті. Комитет мүшелері индикативті жоспар көрсеткіштерін бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім: Ахмет Ясауи университетінің 2022-2023 жж. индикативті жоспары бекітілсін.

6. Әр түрлі мәселелер:

6.1 Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша ISO 9001:2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес «Ішкі аудиттің» бағдарламасының жобасын Ж.Дарибаев таныстырды. Аудит бағдарламасына сәйкес, университеттің құрылымдық бөлімдерінен 15 ішкі аудитор өткізетіндігі, 26 қыркүйек күні ішкі аудиттің ашылу жиналысы онлайн форматта өткізілуі, аудит бағдарламасының жобасы бойынша ұсыныстар беруге болатындығы жөнінде айтты. Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева ұсынылған бағдарламаны бекіту үшін тезірек рәсімдеу қажеттілігін ескертіп, сонымен қатар электронды пошта арқылы жіберілген ұсыныстарды ескеру қажеттілігін айтты. Комитет мүшелері ішкі аудит бағдарламасын қолдайтындықтарын білдірді.

Шешім: ISO 9001:2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес университеттің «Ішкі аудит» бағдарламасы бекітілуге ұсынылсын.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



Д.Қарғабаева